



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Сәуір 2023

Тұтыну бағасының айлық индексі сәуірде 0,9%-ды құрады. Өткен жылғы жоғары базалық есептен шығу жағдайында бағаның жылдық өсімі 16,8%-ға дейін баяулады.


Азық-түлік өнімдерінде күріш бағасының айтарлықтай өскені байқалады. Бұл – өнімнің төмендігімен байланысты. Өндіріс құнының өсуіне орай ет пен сүт өнімдерінің қымбаттағаны сезілді. Ал, жеміс-жидек пен көкөніс бағасының өсімі бәсеңдей бастады.

Азық-түлік емес тауарларда импорт бағасының өсуінен жеке тауарлардың, киім-кешек пен аяқкиімнің, тұрмыстық техниканың құны өскені байқалады. Шекті бағалардың өсуі аясында бензин мен дизель отынының да бағасы көтерілді.

Халыққа ақылы қызмет көрсету құрылымында амбулаториялық-емханалық қызметтердің, оның ішінде дәрігер мен стоматологияның алғашқы қабылдауы бойынша қызметтердің бағасы өсті. Бұл ретте қоғамдық тамақтандыру мен шаштараз қызметінің де бағасы шарықтай түсті.


Тұтыну бағасының индексі 2023 жылғы сәуірде 2023 жылғы наурызбен салыстырғанда 0,9%-ға өсті. Бұл ретте 2022 жылғы жоғары базаны есептеуден шығуға байланысты жыл сайынғы баға өсімі 16,8%-ды (2023 жылғы наурызда – 18,1%) құрап, баяулауын жалғастырды. Маусымдық түзетілген инфляция 2023 жылдың сәуірінде жанар-жағармай бағасының жоғарылауы жағдайында біршама қарқын ала түсті. Алайда, 2022 жылдың қыркүйегінен бастап байқалған бәсеңдеу үрдісі жалғасуда. Маусымдық түзетілген инфляция көрсеткіштері мақсатты мәндердің жоғарғы дәлізіне бірте-бірте жақындап келеді (1-график).

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері

Әртүрлі әдістермен есептелетін маусымдық түзетілген базалық инфляция¹ да баяулауда (2-график). Мәселен, егер 2022 жылғы қыркүйекте базалық инфляция 0,8%-дан 3%-ға дейінгі аралықта болса, 2023 жылғы сәуірде мәндер 0,5%-дан 1%-ға дейінгі аралықта болды. Осылайша, инфляцияның ең аз тұрақсыз бөлігінде бағаның өсуі біртіндеп баяулағаны сезіледі.



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері

Азық-түлік тауарларының бағасы 2023 жылдың сәуірінде 0,9%-ға қымбаттады. Жылдық баға өсімі ақпандағы 26,2%-дан сәуірде 17,9%-ға дейін баяулады. Бұл негізінен жоғары базалық әсерге байланысты болып отыр. Сәуірде бағаның жылдық өсуіне нан өнімдері және ет пен сүт өнімдерінің қымбаттауы себеп болды. Бұл тауарлардың азық-түлік инфляциясының өсуіне жалпы үлесі 10,7 пайыздық тармақты құрады (3-график).

Жылдық баға өсімінің баяулауына қарамастан, ай сайынғы өсу 2017 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде орташа деңгейден жоғары қарқынды көрсетуін жалғастырып келеді. Атап айтқанда, 2022 жылдың ақпан айынан бастап нан өнімдері мен жарма бағасының жоғары айлық өсу қарқыны (1%-дан астам) байқалды. Күріш бағасы былтырдан бері егістік алқаптардың қысқаруы мен суару үшін су тапшылығына байланысты нашар өнім алуына байланысты көтеріліп келеді. Сонымен қатар, бағаны себепсіз өсірді деген күдікпен кейбір күріш өндірушілерге, өңдеушілер мен сатушыларға қатысты тексеру басталды². Макарон өнімдері мен нан өнімдері бағасының өсуі – аралық компоненттерге (жұмыртқа, сүт және т.б.) бағаның айтарлықтай өсуіне байланысты. Ет пен сүт өнімдерінің қымбаттауына электр қуаты мен жем-шөп бағасының қымбаттауы әсер етті.


Сонымен қатар, қант бағасы 2023 жылдың қаңтар-ақпан айларында өндірістің 2,9 есе артуы аясында сегізінші ай қатарынан төмендеп отыр. Жеміс-жидек пен көкөніс бағасының жыл сайынғы өсуі баяулауын жалғастырып келеді. Мәселен, жаңа піскен жеміс-жидектің инфляциясы 2023 жылғы ақпандағы 21,7%-дан 10,8%-ға дейін баяулады. Оның ішінде алма бағасының өсуі 15%-дан 7,5%-ға дейін, жүзім 13,4%-дан 4%-ға дейін, банан 44,5%-дан 22,3%-ға дейін баяулады. Жаңа піскен көкөніс бағасының жылдық өсуі

¹ Базалық инфляция бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шаманы білдіреді. Қысқартылған орташа мән осы айдағы бағалардың ең аз 10% және ең үлкен маусымдық-тазартылған өзгерістерінің 10% есебінен алып тастау арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 құрамдауышсыз базалық инфляция есебінен соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық-тазартылған өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары болып табылатын 8 құрамдауышты алып тастайды; медиана 50% бөлу процентиі болып табылады осы айда маусымдық тазартылған бағаның өзгеруі.

Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсілдер арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында "Қазақстан үшін базалық инфляцияны әртүрлі бағалау" мақаласында келтірілген.

² https://forbes.kz/actual/process/antimonopolshchiki_vyiyavili_sgovor_po_zavyisheniyu_tsen_na_ris_kazhastanskimi_proizvoditelyami/


ақпан айында 27,9%-дан 2023 жылдың сәуірінде 3,9%-ға дейін баяулады. Пияз бағасының өсуі 205%-дан 135,3%-ға дейін баяулады. Сәбіз 19,2%-ға, картоп 13,9%-ға арзандады.



2023 жылдың сәуір айында астық дақылдарының әлемдік бағасы 1,7%-ға арзандады. Себебі бидай бағасы ұсыныстың мол болуына байланысты төмендеді. Жылдық мәндегі төмендеу 19,8%-ды құрады. Бұл төмендеу номиналды айырбас бағамының салыстырмалы түрде тұрақты динамикасымен бірге теңгемен көрсетілген астық бағасы индексінің төмендеуіне әкелді (4-график). Бұл ретте нан өнімдері мен жармаға деген ішкі бағалар шығынның артуымен өсіп келеді. Ол өз кезегінде сыртқы және ішкі бағалар арасындағы дифференциалды минимумға дейін төмендетті.

Ішкі және сыртқы қанттың бағасы арасында алшақтық азайып келеді. Әлемдік нарықтардағы қант бағасының айтарлықтай өсуі негізгі экспорттаушы елдердегі өндірістің төмендеуіне байланысты болды. Әлемдік қант бағасынан айырмашылығы, өндірістің өсуіне қарай ішкі бағаның төмендеуінде.

Сонымен қатар, ет, сүт өнімдері мен өсімдік майларының бағасы арасында дифференциалдың кеңеюі байқалады. Бұл сыртқы бағалардың төмендеу тенденциясымен және өндіріс құны мен өткізуге кеткен шығындардың өсуіне байланысты ішкі бағалардың өсуімен байланысты қалыптасып келеді.

4-график. Таңдалған азық-түлік тауарларына әлемдік және ішкі бағалардың динамикасы³

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері


Азық-түлік емес тауарлар бағасының өсуі 2023 жылғы сәуірде 1,3%-ды, жылдық мәнде 18,2%-ды (2023 жылғы наурызда – 18,1%) құрады (5-график).

Импорт бағасы өскен тұста киім-кешек пен аяқкиім, жеке тауарлар мен тұрмыстық техника қымбаттауын тоқтатқан жоқ. Ресейде құрылыс материалдарының қымбаттауы ішкі нарықтағы қымбатшылықтан көрінді. Фармацевтикалық өнімдердің ішінде жыл басынан бері шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты әлемде ыстықты түсіретін дәрілердің тапшылығына байланысты парацетамол бағасының айтарлықтай өсуі тіркелді. Сонымен қатар 2023 жылғы 12 сәуірден бастап мұнай өнімдерін бөлшек және көтерме саудада сатуға арналған ЖЖМ шекті бағасының өсуіне байланысты көрші елдерге ағынның алдын алу үшін сәуір айында дизель отыны мен бензиннің қымбаттағаны тіркелді⁴.

³ 2019 жылғы желтоқсаннан бастап тиісті индекстердегі өзгерістер (2019 жылғы желтоқсан = 100), теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып.

⁴ "Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 140 бұйрығы
2015 жылғы 19 мамырдағы № 361 "Бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізуге шекті бағаларды белгілеу туралы";
"Бағаны мемлекеттік реттеу белгіленген стационарлық автожанармай құю станциялары үшін мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге шекті бағаларды белгілеу туралы" ҚР Энергетика министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 139 бұйрығы

5-график. Тауарлардың азық-түлік емес инфляцияға қосқан жылдық үлесі




Халыққа ақылы қызмет көрсету бағасы 2023 жылғы сәуірде 0,4%-ға өсті, жылдық баға өсімі 13,7%-ға дейін баяулады (2023 жылғы наурызда – 14,4%).

2023 жылғы сәуірде амбулаторлық-емханалық қызметтердің, жайлы тұрғын үйді жалға алудың, реттелетін коммуналдық қызметтер мен шаштараз қызметтерінің қымбаттауы қызмет көрсету инфляциясының өсуіне көптеп үлес қосты (6-график).


Ай сайын амбулаторлық-емханалық қызметтердің, оның ішінде дәрігердің алғашқы қабылдауына жазылу мен стоматологиялық қызметтердің бағасы айтарлықтай өсті. Оның үстіне импорттық құрамдас бөліктердің қымбаттауы шаштараз қызметтерінің қымбаттауынан көрінеді. Азық-түлік бағасының өсуі, құрал-жабдықтардың құны, коммуналдық қызметтер, қызметкерлердің жалақысы және басқа да шығындар қоғамдық тамақтану қызметтерінің қымбаттауына әкелді.

Реттелетін коммуналдық қызметтер құрылымында ыстық судың тарифі өсті (7-график).

6-график. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қызметтердің үлесі



7-график. Коммуналдық қызметтерге тұтыну бағасының индексі, ж/ж




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ


- Өңдеу өнеркәсібінің бағасы шикізат бағасының төмендеуі мен аралық тауарлар бағасының төмендеуіне байланысты баяулап келеді
- Ауыл шаруашылығында дайын өнім бағасының өсімі баяулағаны байқалады

2023 жылғы сәуірде өңдеу өнеркәсібін өндіруші кәсіпорындар бағасының жылдық өсімі 1%-ға (2023 жылғы наурызда – 4,9%) дейін баяулады (8-график). Ол өндіріс құралдарына деген бағаның баяу өсіміне және аралық тауарлар құнының төмендеуіне байланысты. 2022 жылдың қазан айынан бастап азық-түлік тауарларын өндірушілердің инфляциясы бәсеңдеді. Бұл топта ет, ұн, жарма және қант өндірушілер бағасының өсімі ұзақ уақыт бойы бәсеңдеп келеді. Сонымен қатар, сәуірде май және тоң май, сүт, нан, макарон өнімдеріне өндірушілер бағасының өсу тұрғысынан айтарлықтай баяулағаны сезілді. Азық-түлік емес тауарлардың ішінде киім-кешек, жуғыш және тазалағыш заттар, жиһаз бен автокөлік бағасының өсуі төмен болды. Ал, аяқкиім бағасы үшінші ай қатарынан өсіп келеді. Ауыл шаруашылығында 2023 жылғы сәуірде өндірушілер бағасының өсімі ж/ж 1,4% дейін баяулады (2023 жылғы наурызда – 4,9%) (9-график). Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ішінде бидай бағасы ішкі қорлардың едәуір ұлғаюына, көрші елдердегі ұсыныстың ауқымына және әлемдік нарықтардағы бағалардың түсуіне байланысты төмендеп келеді. Сонымен қатар, қызанақ бағасын қоспағанда, жаңа піскен көкөніс бағасының көтерілуі де бәсеңдеді. Мал шаруашылығында тірі мал мен құс, шикі сүт пен жұмыртқа бағасы төмендеді.

8-график. Өнеркәсіптегі бағалар



9-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ